

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1/48 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 тамызда № 6525 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 қарашадағы № 2/64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 18.11.2020 № 2/64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 4 тамыздағы "Павлодар облысының Качир, Лебяжі аудандарын қайта атау туралы" № 724 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Тереңкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің келесі мөлшерлері белгіленсін:

Халықаралық әйелдер күніне орай:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар санынан кәмелетке толмаған және одан да көп балалары бар отбасыларға және (немесе) балаларға мемлекеттік жәрдемақы 2,4 (екі бүтін оннан төрт) айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде (бұдан әрі –АЕК);

Жеңіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі – ҰОС) қатысушылары мен мүгедектеріне 500000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде, сондай-ақ 5 (бес) АЕК көлемінде азық-түлік жиынтығы;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 10 (он) АЕК мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) ҰОС жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға 7 (жеті) АЕК мөлшерінде;

Ауғанстандағы әскери іс-қимылдарға қатысқан адамдарға 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан тұлғаларға 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

Халықаралық қарттар күніне орай:

ең төменгі зейнетақы және жәрдемақы алатын, зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға 1,2 (бір бүтін оннан екі) АЕК мөлшерінде;

80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтарға 2,9 (екі бүтін оннан тоғыз) АЕК мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай:

18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде;

бірінші, екінші топтағы мүгедектерге 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде;

кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар мүгедектерге 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде;

үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде есепте тұрған мүгедектерге және қарттарға 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде;

арбалы-мүгедектерге 2,3 (екі бүтін оннан үш) АЕК мөлшерінде.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Тереңкөл аудандық мәслихатының шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тереңкөл аудандық мәслихатының әлеуметтік сала мен заңдылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Павлодар облысының әкімі

Б. Бақауов

2019 жылғы "___" _____

Р. Габидулин

С. Баяндинов

Тереңкөл аудандық

мәслихатының

2019 жылғы "15" тамыздағы

Тереңкөл аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1. Качир аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 2/29 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3782 болып тіркелген, 2014 жылғы 8 мамырда "Тереңкөл тынысы" және "Заря" газеттерінде жарияланған);

2. Качир аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 қазандағы "Качир аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 2/29 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" № 9/36 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4166 тіркелген, 2014 жылғы 29 қарашада "Тереңкөл тынысы" және "Заря" газеттерінде жарияланған);

3. Качир аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 ақпандағы "Качир аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 2/29 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 1/40 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4398 тіркелген, 2015 жылғы 2 сәуірде "Тереңкөл тынысы" және "Заря" газеттерінде жарияланған).